



С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

# СӨЖ


Тақырып: Әбу Әли Ибн Сина

Орындаған: Бубеева Б.  
Тексерген: Абиырова Н.  
ФакультетҚДС  
Курс: 3  
Тобы:13-001-01

Алматы-2016ж

# Жоспар

1. Араб халифатының медицинасы
2. Әбу Әли Ибн Сина
3. Авиценна *аурудың пайда болуының бірнеше себептерін көрсетті*
4. Ибн Синаның “*Медицина қағидалары*” еңбегі
5. **Қорытынды**
6. **Пайдаланылған әдебиеттер:**



● «Медицина тәжірибеден туындаған ілім, өзіне сай белгілі заңдылықтары, аурудың түріне қарай оның неден пайда болатынын, қалай емдеу керектігін анықтап, адам тәнінің сау болуы үшін күрес жүргізетін сала » деп Әл – Фараби атамыз айтқандай әрбір адамның алақанда тұрған өмірі барша дәрігерлерге өте қымбат және медицинаны танып, зерттеудің өзі өте күрделі, аса көп білім мен жауапкершілікті, зеректілікті қажет теді.



- Медицинаны (Medicina) түбегейлі зерттеу үшін ең алдымен адам өмірінің мәнін, мақсатын, қаншалықты құнсыз екендігін жете түсіне білу қажет. Кез келген заттың терең мағынасын білуге адамға терең философиялық ой- толғау, түйсік, медицина ғылымының негізгі міндеттері мен қағидаларын түсіну керек. Медицинаны, сонымен қатар басқа да ғылымдарды зерттеп өзінің даналығын бүкіл дүниеге паш еткен ғалымдар қазақ халқынан және басқа да мемлекеттерде, бұдан бірнеше мың жыл бұрын зерттеліне бастады. Ешбір ғылымның негізі салынбаған кезеңде, адамдар дөрекі, надан болған кезеңде медицинаны зерттеу үлкен философиялық жігерді талап етеді. Сондай қиындықтарға қарамастан өз білімін, өзінің ұлы философиялық тұлға екендігін дәлелдеген ғалымдар өте көп, солардың ішінде орта ғасырлар медицина тарихына бұрыннан бері белгілі атақты ғалымдар Әл- Фараби, Ибн- Сина, Әл- Бируни, Әл- Риза және т.б.



- Бізді Ибн- Сина өмір сүрген уақыттан бірнеше мыңжылдықтар бөліп тұр. Көптеген мемлекеттер құрылды, кейбір мемлекеттер құлдырады, түрлі династиялар келіп- кетті, философиялық мектептер пайда болып- жойылды, дәрігерлер, ғалымдар бірінен кейін бірі табиғаттың бір сырынан кейін екінші сырын ашып отырды. Әрбір жаңа поколение адамзат білімі қорына өз үлестерін қосты. Және осындай ұзақ , белсенді медицинаны зерттеу процесінде дәрігерлер мен ғалымдар Ибн- Синаның біліміне сүйенді.

- Медицинаға зор үлес қосқан орта ғасырлар ғалымдарының бірі Ибн- Сина. Оның шын есімі Абу Мансур аль- Хусейн бил ал- Камара- Бухори X ғасырда Бұхара қаласында дүниеге келген. Батыс Еуропадағы Ибн- Сина - Авиценна деген атпен белгілі болған.

- Әйгілі орыстың медицина зерттеушісі Б.Д. Петров Ибн- Сина жайлы былай деп жазады: «Орта ғасырларда онымен білімі, таланттылығы, еңбекке талпынысы және шығармашылық қортындылары бойынша ешкімді салыстыруға болмайды »



- IX – XI ғ.ғ. Шығыстың ғылымының орталығы Орта Азияға ауысады. Араб халифаты IX ғ. ыдырай бастаған соң IX-X ғ.ғ. Исмайл Саманид басқарған (892-907 ж.ж.) мемлекет құрылады. Бұл Саманидтір мемлекеті X ғ. ең жоғарғы даму сатысына жетеді, ал астанасы Бұхара қаласы Шығыстың ең бай және әдемі қалалардың бірі болды. Осы қалаға жақын орналасқан Афшаны (Өзбекстан жері) деген жерде 980 ж. Болашақ үлкен ғалым дүниеге келді. Ол сол кездегі 12 ғылымды игерген, энциклопедиялық білімі, философиялық көзқарасы болған. Сондықтан да Хамадандағы (Иран) Ибн- Сина басына қойылған ескерткіштің 12 бағанасы бар.
- Сонымен орта ғасырларда медицинада жаңа ұғымдардың пайда болуы тәжік тегінен шыққан ұлы ғалым Әбу Әли Ибн Сина (980-1037 ж.) атымен байланысты. Бұхарада өмір сүрген оқыған және жұмыс істеген. Ибн- Сина өзінің заманындағы барлық ғылымдарды: грамматикадан бастап заң тану іліміне дейін игерген.
- Кейін ол бір атақты дәрігердің қолдауымен медицина саласын жете оқып, оны өзінің негізгі кәсіби жұмысы еткен. Сол кездегі Бұхар әміршісін емдеген үшін оған сыйлық ретінде Бұхараның атақты кітапханасына баруға рұқсат берген. Ол заманда бұл дүниежүзінде ең ірі кітап қоры, ең бай кітапханалардың бірі болып есептелінетін.

- Сол жерде Ибн- Сина білімін жетілдіріп одан әрі тереңдетеді. 1002жылы ол көрші Хорезм патшалығының астанасы Үргеніш қаласына ауысады. Ол кезде ( IX-X ғ.ғ.) Орта Азияда ғылымның, мәдениеттің дамуы жоғары деңгейде болған, себебі Батыс Еуропадағыдай діннің әсері Орта Азияға кейінірек XI ғ. басталады, бұған дейін ғылыми ұғымның қалыптасуына діни басшылық көп кедергі жасамаған. Сондықтан да Ибн- Сина ғалым ретінде қалыптасуы, өсуі Орта Азияның мәдениетінің, экономикасының зор дамыған кезеңіне келеді. Хорезмде Ибн- Сина 15 жыл өмір сүрген, осы жерде ол атақты математик, астроном, географ, минеролог, этнограф, тарихшы Әл- Бирунимен танысады.
- Ибн- Синаның медициналық көзқарастарын оның философиялық көзқарастарымен байланыстырып зерттеу керек. Клиницист Ибн- Синаға болмысқа философиялық тұрғыдан философиялық көзқараспен, оймен қараған тән. Оның даналығын мойындамайтын зерттеушілердің өзі оның ой- түйідерінің логикалық тұрғыдан пайда болғандығын және дұрыстығын атап өтеді. Ибн- Синаның «Даниш- наме » (« Білім кітібы ») еңбегінің бір бөлімінде сапа мен сандық категорияға мысал ретінде ауру мен денсаулықты атап өткен. Оның медицинаға деген көзқарасын табиғатқа деген көзқарасын білгеннен кейін ғана айқын айта аламыз.

Авиценнаның медицинасының маңызы ауруды емдеу үшін нақты тәжірибелік білімнің керек екендігі. Бұл ұғым медицинаның даму тарихында ең ірі болып есептеледі. Осыған орай науқасты емдегенде, ең бірінші кезеңде клиникалық бақылау тұрады. Ибн- Синаның « Медицина қағидаларының » ( « Дәрігерлік ғылымның негіздері » ) – аса көрнекті, маңызды, көп аурулардың белгісін, дамуын анық келтіруі. Ми қабатының қабынуының белгілері, өкпе қабынуы мен плевриттің айырмашылығы; алапес, тырысқақ, оба, асқазан жарасы, сібір күйдіргісі т.б. аурулардың клиникасы нақты сипатталған. Ибн- сина алғашқы рет қант диабетінде науқастың тамаққа тәбетінің жоғары болуы, шөлдегіш болуы, сондықтан сұйықты көп ішуі, оның салдарынан кіші дәреттің көбеюі адамның азып кетуі, кейде гангренаға шалдығуы байқалады дейді. Кейінгі XVII – XVIII ғ.ғ. бұл аурудың клиникасын Батыс Еуропа ғалымдары Томас Уиллс және Добсон жазды деп танылды.





# Араб халифатының медицинасы

VII-IX ғ. Араб халифатында медицинаның дамуына жол ашылды. Шығыс елдерінде аса зор дамыған ғылыми саланың бірі - **химия**.

- Алғаш дистилляция, суды тазалау, сүзу әдістері пайда болды.
- Спирт(Spiritus), хлорлы сынап, азот (Nitrogenium) және тұз қышқылы пайда болып, **“алкоголь”(Alcoholum)** деген атау осы Шығыс елдерінен тараған.



● Медицинананың дамуына көп себеп болған VIIIғ екінші жартысында араб тіліне Гиппократтың, Галеннің, Платонның, Аристотельдің, Демокриттің т.б. біздің заманымызға дейін өмір сүрген ғалымдардың ғылыми еңбектерінің аударылуы.




Абуали Сино - Avicenna

Сонымен қатар Шығыс елдерінің өз ғалымдары арасында да медицина саласына еңбек сіңіргендер де көп болды. Мысалы, *Әл-Рази, Газу Ибн-Аббас, Ибн әл-Хайсам, Әли Ибн Иса, Әбу Әли Ибн Сина.*

Олардың әрқайсының медицинаға қосқан үлестерінің өзіндік ерекшеліктері бар

# Әбу Әли Ибн Сина (980-1037ж.)

- тәжік тегінен шыққан ұлы ғалым. Ол Бұхарада оқыған және жұмыс істеген. Ол барлық ғылымдардан грамматикадан бастап заңтану іліміне дейін игерген. Ол сол кездегі 12 ғылымды игерген, энциклопедиялық білімі болған, сондықтан Хамадандағы (Иран) Ибн Сина басына қойылған ескерткіштің 12 бағанасы бар. Батыс Еуропада Авиценна деген атпен белгілі.



Оның қоғамдық-саяси көзқарасы, дүниетаным ұғымы Хорезмде қалыптасады. Сол кезден бастап ол өзінің еңбектерін жаза бастайды.

- **“Китап әш-Шифа”** (Емдеу кітабы) және **“Әл-Канұн фит-Тыб”** (Медицина негіздері) деген еңбектері дүниежүзіне белгілі етеді. Ондағы әлеуметтік-саяси көзқарасы үшін қудаланады.

# Авиценна аурудың пайда болуының бірнеше себептерін көрсетті:

- ✓ ауа райының, тұрған мекеннің, жыл мерзімінің зиянды әсері;
- ✓ тұрмыстық жағдайдың, тамақтану тәртібінің, тазалығының әсері;
- ✓ еңбек жағдайының әсері;
- ✓ әр адамның ауруға бейімділігі, дене құрылымы;
- ✓ күйзеліс, ренжу, уайымдау т.б. әсері;

Сонымен қатар Авиценна қалай дәрі қолдану керектігін айтады:

- ✓ дәрігер нақты осы дәрі керектігіне сенімді болса;
- ✓ науқастың жағдайын ескеруі;
- ✓ дәрінің сапасының жоғары болуы;
- ✓ дәріні пайдалану әдісін (ішу, жағу т.б.) білу;
- ✓ дәрінің емдік мөлшерін анықтау;



# Ибн Синаның “Медицина қағидалары” еңбегі

- аса көрнекті, маңызды, көп аурулардың белгісін, дамуын анық келтірген құнды жәдігер. Онда:

- ✓ ми қабатының түрлі қабыну белгілерін;
- ✓ “дене табиғатын тәрбиелеу, жетілдіру”
- ✓ хирургияда өңешті тесу, сыртқы ісікті алу;
- ✓ жаңа дәрілердің ішінде сынап пен висмутты қолдану;
- ✓ Книда аралында қолданған балшықпен емдеу;
- ✓ Қытай халық медицинасында жиі қолданатын камфора т.б. дәрілерді қолдану;
- ✓ жеке бас гигиенасы, тағамдық тәртіптері туралы жазылған.





“Медицина қағидалары” -5 кітаптан тұрады.

Бұлар- дәрігерлік ғылым қағидалары:

- Медицина теориясы (4бөлімнен тұрады:1. медицина анықтамасы, 2.аурулар, 3.денсаулықты сақтау, 4.емдеу әдістері);
- Жабайы дәрі-дәрмектер туралы олардың әсері, қолдану, жинау әдістері, сақтау тәртібі, пайдалану жолдары;
- Терапия және патология туралы;
- Хирургия туралы (сынықтар, шығулар, шытыныс, оларды емдеу жолдары);
- Дәрілердің “күрделі” түрі туралы (улану, оны емдеу);

- Тәжік дәрігері әрі философы Әбу Әли ибн Синаның «Анатомия мен физиологияға кіріспе», «Дәрігерлік ғылымның ережелері» («Канон врачебной науки») еңбектері өте құнды. Бұл еңбектерінде анатомия мен физиологияны жүйелеп, қосымша мәліметтермен толықтырған. Кітап латын тіліне аударылып, 30-дан астам рет қайта басылып шыққан.



# Қорытынды

- Ибн-Синаның еңбектері медицинаның барлық салаларына ғылыми тұрғыда түсінік берген, Шығыс және Батыс мемлекеттерінің дәрігерлерінің XVII ғасырға дейін негізгі оқулығы болып келді. Ибн-Синаны, оның еңбектерін нағыз бағалаушылар оны “ғалымдар ұстазы”, “медицина князі” деп атады.

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- Р.К.Биғалиева, “Бүкіләлемдік медицина тарихы”, Алматы, 2004
- [www.google.kz](http://www.google.kz)